



**«Бура» бөбекжай-  
балабақша  
жекеменшік мекемесінің  
2021-2022 оқу жылының  
кешенді жылдық жоспары**

## **Жылдық жоспардың бөлімдері**

### **I. Кіріспе бөлім.**

- 1.1.Кіріспе.
- 1.2.Балабақша ұжымының өткен оқу жылындағы жұмысына талдау.
- 1.3.Жаңа оқу жылының жылдық мақсаттары.

### **II. Кадрлармен жұмыс.**

- 2.1. Педагогикалық кеңестер.
- 2.2. Өндірістік жиналыстар.
- 2.3. Менгеруші алдындағы кеңес.
- 2.4. Нұсқаулық жүргізу.

### **III. Әдістемелік жұмыс.**

- 3.1. Әдістемелік бөлме жұмыстары.
- 3.2. Педагогтардың біліктілігін арттыру курсдары.
- 3.3. Семинарлар, кеңестер, пікірсайыстар.
- 3.4. Озат тәжірибе мектебі.
- 3.5. Жас мамандармен жұмыс.
- 3.6. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің ашық көрсетілімдері.

### **IV. Балалармен жұмыс.**

- 4.1. Қауіпсіздік мектебі.
- 4.2. Құқықтық тәрбие.
- 4.3. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс.
- 4.4. Экскурсиялар. Қөрмелер. Мерекелер және ертеңгіліктер.
- Ойын - сауықтар. Байқау-жарыстар.

### **V. Бақылау және басқару.**

### **VI. Ата-аналармен жұмыс.**

- 6.1. Ата-аналармен жұмыс.
- 6.2. Қөрнекілік насиҳат. Топтық кеңестер.
- 6.3. Ата-аналар арасындағы насиҳат.
- 6.4. Топтық ата-аналар жиналысы.
- 6.5. Жалпы ата-аналар жиналысы.
- 6.6. Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары.

### **VII. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.**

## Кіріспе

«Бура» бөбекжай-балабақшасы» жеке меншік мекемесі Бейбітшілік көшесі №20 «А» мекен жайда орналасқан. Ғимарат типті, екі қабатты және бір қабатты корпустан тұрады. Жоба қуаттылығы - 187 балаға арналған. Бөбекжай-балабақшада тізім бойынша 104 бала. Ғимарат көлемі 1738,9м . Сүмен жабдықтау және канал жүргізу арналары орталықтандырылған. Жылу беруде орталықтандырылған. Ғимараттың I-ші қабатында мынандай орындар бар:

Мектепке дейінгі жас аралық топтар, оқу-әдістемелік орталығы, медициналық бөлме, асхана, әжетхана, қызметкерлер шешінетін бөлме, II-ші қабатта мектепке дейінгі ересек топтар орналасқан: 4-5 жасқа дейін 1 топ, 5 жастан бастап 6 жасқа дейін - II топ, ән-күй және дене шынықтыру бөлмелері. Бір қабатты корпуста мектепке дейінгі 3 жастан бастап 4 жасқа дейін - I топ және 5 жастан 6 жасқа дейін I топ орналасқан. Ғимарат 1961 жылдың қолдануға берілген. «Бура» бөбекжай-балабақшасы жекеменшік ретінде 2003 жылдың наурыз айынан бастап жұмыс істейді. Қазіргі уақытта жас ерекшеліктеріне қарай 6-топ жұмыс істейді. Жұмыс тәртібі сағат 8<sup>00</sup> - ден 18-30 - дейін.

Оқу жоспарының ерекшеліктері коммуникация, танымдық және денсаулық сақтау құзыреттілігі болып табылады. Бөбекжай-балабақша тәрбиешілері мен педагогтары халық педагогикасының құнды идеяларын қолдану арқылы, балаларды қазақ халқының мәдениетімен таныстыруға қатыстырады, ойын тәжірибесін құрбы-құрдастарымен, ересектермен, заттармен, объектілермен және когнитивті, физикалық әлеуметтік және мәліметтеу дағдыларын дамытуға арналған қарым-қатынастармен толықтырады .

## **«Бура» бөбекжай-балабақшасының 2020-2021 оқу жылындағы жұмысына талдау.**

Еткен 2020-2021 оқу жылында «Бура» бөбекжай балабақшасында 7 топ жұмыс істеді: ортаңғы тобы, ересектер тобы, мектепалды тобы. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс 2011 жылдың 21 қарашасынан басталды.

2020-2021 оқу жылының барысында «Бура» бөбекжай-балабақшасының ұжымы, осы мекеме менгерушісі Джаксибаева К.Ж. басшылығымен бірлесе отырып, бөбекжай-балабақшадағы балалардың жағдайларының аса жақсы болуына қолайлы жағдайлар жасады. Бөбекжай-балабақша ауласы едәүір көгалдандырылды, сшамшит, көшеттер, гүлзар, көгалдар, ойын алаңдарының айналасына «Петунья» және «Кілемше» гүлдері және шырмауық өсімдіктері егілді.

Бөбекжай балабақша қажетті қатты үйимдармен толықтырылды, (үстелдер, орындықтар, отырғыштар) балалардың өз бетінше көркем шығармашылықтарын үйимдастыру үшін, сонымен қатар үстел-үсті, дидактикалық ойындарын үйимдастыруға, балалармен жеке жұмыстар өткізуге барлық мүмкіндіктер жасалды. Жаңа ойын аландары қойылды . Барлық жас аралық топтардың ойын аландары ойын және спорттық күралдармен: эткеншектер, велосипедтер, балалардың сырғанауына арналған үлкен машиналар, самокаттар, секіргіш жіптер, бадминтон, доптар, күм жиынтықтары, құрсаулар, кегли, үстел-үсті ойындары: домино, лото, пазлдар, құрастырғыш ойындары, текшелермен толықтырылды. Бөбекжай балабақша аумағындағы барлық жабдықтар сырланды: саңырауқұлақтар, сырғанауға арналған құралдар, турниктер т.б. Ғимараттың сыртына әрлеу жұмыстары жүргізіліп, қазіргі заманға сай дизайнны ауыстырылды. Бөбекжай-балабақшасың асфальтталған жолдарына тротуар плиткалары төсөліп ауыстырылды.

Ғимараттың шатыры құрделі жөндеуден өтті. Ғимараттың ішкі жағдайы әрқашан жетілдіріп, кейбір бөлмелерде құрделі жөндеулер жүргізілді. Бөбекжай-

балабақшаның жұмсақ бүйімдары ауыстырылып жаңаланды: перделер, кілемдер, кілемшелер, төсек жабдықтар, көмекші қызметкерлердің арнайы киімдері және т.б. Топтар мен ән-күй бөлмесі техникалық жабдықтармен толықтырылды: 2 теледидар, 2 әуен таспалар. Спорт бөлмесі ұсақ түйек дene шынықтыру жабдықтарымен толықтырылды: доптар, қапшықтар, жалаушалар, ленталар, өрілген жіпптер, сылдырмақтар, текшелер, султанчиктер, секіргіштер, құрсаулар, баскетбол ойынына арналған құралдар, домалатуға арналған үлкен доптар т.б. Ән-күй бөлмесі әуендей аспаптармен толықтырылды: гитара, ионика, домбыра, қасықтар, гармон, дудочка т.б. Бебекжай-балабақшаның топ бөлмелерінде шаңсорғыш, ыдыс-аяқ, балаларға арналған үстелдер жаңаланды. Бебекжай-балабақшаның барлық жас аралық топтарында ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді: ақтау және сырлау жұмыстары, қабырға, тәбе жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жас аралық топ бөлмелері қазіргі заманға сай ойыншықтармен толтырылды; құрастыру, үстел-үсті және дидактикалық ойындармен, балалар көркем әдебиетімен, қуыршақ үстел-үсті театрмен, мазмұнды – рөлді ойындармен, сахналашу ойындар атрибуттарымен, қимылды-қозғалыс ойындарымен.

Ұлттық бұрыштар Қазақстаниң ұлттық бүйімдарымен толықтырылып жаңаланды. Сонымен қатар барлық жас аралық топтарда кезекшілік бұрышы, балалардың өзіндік көркем шығармашылығына арналған бұрыштар және атап-аналар бұрыштары жаңаланды. Бебекжай-балабақша топтарының интеръерлері өзгерілді. Жұмсақ, көркем шыдамды дизайн, топтардың жабдықталуы, қазіргі заман стандартына сай, мекеме балалардың бебекжай-балабақшага келулеріне қолайлы жағдай туғызады және де балабақшадағы моральді психологиялық жағдайдың дұрыс болуына жақсы әсерін тигізеді. Балалардың білімі және тәрбие деңгейін қамтамасыз ету үшін, топтардағы оқу аймақтары қажетті дидактикалық материалдармен толықтырылды: демонстрациялық, үлестірмелі, санауға арналған материалдар, бағдарлама бөлімдері бойынша суреттер, дидактикалық

оыйндар және де педагогикалық процесс бағдарлама талаптарына сай басқа да құралдармен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартының талаптарына сай жабдықталды .

Бөбекжай - балабақшаның оқу-әдістемелік орталығы оқыту-әдістемелік әдебиеттермен, демонстрациялық материалдармен және құралдармен, әдістемелік жұмыс зерттемелермен, нұсқаулармен толықтырылды: қазақ және ағылшын тілдерін ерте бастан үйретуге арналған, жылдам оқытуды және жазуды үйретуге, есте сақтау қабілетін жетілдіру үшін, елестету және логикалық ойлауды және де қызықты математика, әріптану сабактарына арналған көркем әдебиеттермен сонымен қатар энциклопедиялық әдебиеттермен толықтырылды.

Бөбекжай-балабақшаға жалпы мектепке дейінгі балалар мекемесіне бармаған балалар келіп тұсті. Педагогикалық ұжымның барлық күш жігері әр баламен жеке жұмыс жүргізуге және олардың ата-аналарына ерекше көңіл бөлуіне бағытталды. Балалардың негізгі оқу қызметтері; оқыту, ойын және еңбек түрлері, ерте бастан мемлекеттік ,орыс және ағылшын тілдерін үйрету, патриоттық және азаматтық сезімдерін қалыптастыруға, Отанын сүюге, оның мәдениеті мен тарихын оқып үйренуге, мектепке деген мотивациялық дайындығын, қоршаған ортаға деген эстетикалық талғамын қалыптастыруға бағытталды. Балалардың өмірін ұйымдастыруға пәндік-дамытушылық орта материалдық-техникалық, тазалық-гигиеналық, психология-педагогикалық, эстетикалық жағдайлар кешенге сай жасалды. Балалардың физикалық және психологиялық көңіл күйлерін жақсы болуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалды.

Біз келер оқу жылында өз бағыттымызды балаларды өз денсаулықтарына саналы қарауға, ана тілінде және басқа тілдерде ауызша коммуникативті тәсілдердің әр түрін қолдануға, шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттыруға , қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың мәдениет құндылықтарын түсінуге, балаларды қамқорлық, ықылас, өзара көмек көрсетуге ынталандыруға, ата-

аналарды педагогикалық процеске қатыстыруға, балалардың жастарын және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттаймыз.

Өткен оқу жылының жұмыстарының нәтижелерін ескере отырып, келер 2021-2022 оқу жылында оқыту-тәрбиелеу процессінде, мектеп жасына дейінгі балалардың тіл мәдениетін, әр баланың нәтижелі шығармашылығын дамытуды және қозғалыс белсенділігін, физикалық денсаулығын ойлауға, тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережелерін сактауды, ойын тәжірибесін арттыруды жалғастырамыз.

Жаңа оқу жылында 7 жас аралық топтың барлығы мемлекеттік тілде оқытылады деп жоспарлап отырмыз.

## **Жылдық мақсаттар**

### **«Денсаулық» білім беру саласы**

**1. Балалардың өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиетін қалыптастыруды жалғастыру;**

-ерте жастағы балалардың өз бетімен қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне жағдай жасау;

-мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзіндік іс-әрекеттерінің кеңеюіне ықпал жасау;

-мектепке дейінгі ересек және кіші жастағы балалардың денсаулықтарына аса мән беріп, балабақшаға қабылдау барысында карантиндік шараларды қатаң түрде сақтау.

### **«Қатынас» білім беру саласы**

**2. Балалардың өзара ауызекі сөйлеу мәнерін қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыру:**

-әр түрлі балалық іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу;

-белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйрету;

-балалардың коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамыту, сөздік қорларын байыту, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамыту.

### **«Таным» білім беру саласы**

**3. Мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс - қимыл жасауда командада жұмыс істей білуге қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын менгерулерін дамыту:**

-балаларға санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін қалыптастыру;

-көністікті және уақытты бағдарлауды; құрылыш, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды;

-тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыштары жөнінде білімдерін кеңейту, креативтік ойлауды дамыту.



## Педкеңестер

№ п/с	Жұмыстын мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
<b>№1 Педкеңес</b>				
1.	Откен 2020-2021 оқу жылы-ның оқу тәрбие жұмысын талдау.	Тамыз	Джаксибаева К.Ж.	
2.	2021-2022 оқу жылының жылдық жоспар кешенін бекіту.		Джаксибаева К.Ж.	
3.	Оқу жоспарларын, үйымдастырылған оқу қызметтерінің кесте - сін және бөбекжай-балабақшаның жұмыс тәртібін бекіту.		Бекбаева А.Х.	
4.	«Мен және менің мамандығым»іскерлік ойын		Қаржаубай З.Т.	
5.	Педагогикалық көрме (қимылды –қозғалыс ойындар )		Жас аралық топ тәрбиешілері, пән мұғалімдері	
<b>№2 Педкеңес</b>				
1.	«Денсаулық» білім беру саласы  Тақырыбы: «Пандемияның адам өміріне қаупі және одан қалай сақтану керек?».	Қазан	Джаксибаева К.Ж.	
2.	Алдыңғы педкеңестің шешімінің орындалуы.		Бекбаева А.Х.	
3.	«Пандемияның қауіп-қатері жайлы не білеміз?»			
4.	Тәрбиешілердің есебі: «Карантин кезінде балалар және үлкендер арасында сақтық шараларын қалай сақтаймын?»		Жас аралық топ тәрбиешілері, педагогтар	
4.	Оқу аймақтарында жетіспейтін методикалық материалдар көрмесі		Жас аралық топ тәрбиешілер, педагогтар	

### №3 Педкенес

	<p><b>«Қатынас» білім беру саласы Тақырыбы: «Балалардың коммуникативтік тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру»</b></p> <p>1. Алдыңғы педкеңестің шешімінің орындалуы.</p> <p>2. «Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және күнделікті өмірде барлық топтарда халық ауыз әдебиетін пайдалану» тақырыптық тексеру қорытындысы</p> <p>3. Іскерлік ойын: «Балабақшада балалардың тілдерін дамыту»</p> <p>4. Педагогикалық көрме: «Тақпақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, сөзүйка стар» қобдишасын жабдықтап, жаңалау.</p>	<p><b>Желтоқсан</b></p>	<p>Джаксибаева К.Ж.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Сәрсенбекова Г.К.</p> <p>Жас аралық топ тәрбиешілері</p>	
--	--	-------------------------	--	--

### №4 Педкенес

	<p><b>«Таным» білім беру саласы Тақырыбы: «Балалардың танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру».</b></p> <p>1. Алдыңғы педкеңестің шешімінің орындалуы.</p> <p>2. «Жас аралық топтардағы іздеу және экспериментальды іс-әрекеттері » жалпылама тексеру қорытындысы</p> <p>3. «Зерттеу-іздестіру әрекеттері» тақырыбында есеп.</p>	<p><b>Ақпан</b></p>	<p>Джаксибаева К.Ж.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Жас аралық тәрбиешілері</p>	
--	--	---------------------	---	--

4.	Дидактикалық материалдар көрмесі			
----	----------------------------------	--	--	--

<b>№5 Педкенес</b>				
1.	<b>Тақырыбы: «Балалардың мектепке дайындығы».</b> Алдыңғы педагогестің шешімінің орындалуы.	Сәуір	Джаксибаева К.Ж. Бекбаева А.Х.	
2.	Салыстырмалы бақылаудың қорытындысы: «Балалардың мектепке дайындығы».		Бекбаева А.Х.	
3.	Тәрбиешілердің жылдық жұмыстарына талдау. II-жартыжылдықта барлық тәрбиешілердің жұмысына талдау.		Бекбаева А.Х.	
4.	Мониторинг нәтижесі.		Жас аралық топ тәрбиешілері	
5.	Педагогикалық көрме			

## Өндірістік жиналыстар

p/c	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
<b>I</b>				
1.	Жаңа оқу жылының ішкі еңбек тәртібін және жұмыс уақытын бекіту.	Қыркүйек	Джаксибаева К.Ж.	
2.	Бөбекжай-балабақшаның денсаулық сақтау ортасының мазмұны.		Медицина қызметкери	
3.	Ата - аналарға кеңес беру әрекетінің ұйымдастырылуы.		Бекбаева А.Х.	
4.	Қысқы маусымға дайындық.		Джаксибаева К.Ж.	
<b>II</b>				
1.	Қызметкерлердің өзлауазымдық міндеттерін орындауы. Топтардағы тазалық жағдайы.	Қаңтар	Джаксибаева К.Ж. Медицина қызметкери	
2.	Көктемгі-жазғы маусымға дайындық.		Бекбаева А.Х.	
3.	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жұмыстарының жағдайы. Балалардың өмірі мен денсаулықтарының қауіпсіздігі.		Бекбаева А.Х.	
<b>III</b>				
I.	Ұжымдық келісім шарттың орындалуы.	Мамыр	Джаксибаева К.Ж	
2.	Жазғы - сауықтыру маусымындағы ұжымның жұмысы.		Бекбаева А.Х.	
3.	Бөбекжай-балабақшадағы бала жарақатын ескерту. Топтардағы балалардың тамақтарының ұйымдастырылуы.		Медицина қызметкери	

## Менгеруші алдындағы жиналыш

№ p/c	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
<b>№1 Кеңес</b>				
1.	2021-2022 жаңа оқу жылына барлық жас аралық топтардың дайындығы бойынша шолу бақылаудың қорытындысы.	Қыркүйек	Джаксибаева К.Ж.	
2.	Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің және күн барысындағы балалардың тәрбиесі мен өмірінің циклограммасын жоспарлау бойынша ескерту бақылаудың қорытындысына анықтама.		Бекбаева А.Х.	
3.	«Алтын құз» мерекесіне дайындық.		Саз жетекші	
<b>№2 Кеңес</b>				
1.	Бөбекжай-балабақшадағы тазалық гигиена тәртібінің сақталуы.	Қараша	Бекбаева А.Х.	
2.	Бөбекжай - балабақшада өзін-өзі тану бойынша дамытушылық ортаның ұйымдастырылуы.		Медицина қызметкері	
3.	Жаңа жылдық ертеңгіліктердің бекітілуі.		Джаксибаева К.Ж.	
<b>№3 Кеңес</b>				
1.	«Барлық жас аралық топтарда серуенді ұйымдастыру және өткізу» шолу бақылаудың қорытындысы.	Қаңтар	Медицина қызметкері	
2.	Қысқы кезеңдегі балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру.		Бекбаева А.Х.	
3.	Балалардың I-ші жарты жылдыққа нәтижелі шығармашылық жұмыстарына талдау (сурет, жapsыру).		Джаксибаева К.Ж.	

## Менгеруші алдындағы жиналыс

<b>№ p/c</b>	<b>Жұмыстын мазмұны</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Ескерту</b>
<b>№4 Кеңес</b>				
1.	«Балалармен шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жағдайы» - жалпылама бақылаудың қорытындысы	Наурыз	Медицина қызметкери	
2.	Бөбекжай-балабақшадағы балалардың сырқатын талдау.		Бекбаева А.Х.	
3.	8-наурызға арналған ертеңгіліктерді талқылау.		Джаксибаева К.Ж.	
4.	Наурыз мерекесіне дайындық.		Бекбаева А.Х.	
<b>№5 Кеңес</b>				
1.	Балаларды мектепке шығарып салуға дайындық.	Мамыр	Джаксибаева К.Ж.	
2.	Балалардың II-жарты жылдыққа нәтижелі шығармашылық жұмыстарына талдау.(сурет,жапсыру)		Бекбаева А.Х.	
3.	«Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы» жедел бақылаудың қорытындысы.		Медицина қызметкери	
4.	Жазғы күн тәртібін, үйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесін, шынықтыру шараларының ойын сауық жоспарларын бекіту.		Бекбаева А.Х.	

## Нұсқаулық жүргізу

№ р/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1.	Мамандар жұмысқа кірісер алдында кіріспе нұсқаулық өткізу.	Қыркүйек	Джаксибаева К.Ж.	
2.	Қызметкерлердің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша тапсыратын емтихан кестесін түзу.		Әдіскер	
3.	Жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулық жүргізу:  жұмыс орнында техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтау;	Қыркүйек Қаңтар	Әдіскер	
-	өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау;	Желтоқсан	Әдіскер	
	балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау;	Қазан Ақпан Мамыр	Мейірбике	
-	электр қауіпсіздік ережелерін сақтау;	Сәуір	Джаксибаева К.Ж.	
-	эпидемияға қарсы тазалық тәртібі;	Қыркүйек	Мейірбике	
-	жазғы сауықтыру шараларының үйымдастырылуы;	Маусым	Мейірбике	
-	апаттар;	Сәуір	ДжаксибаеваК.	
4.	Еңбекті қорғау бойынша жетіспейтін нұсқауларды толықтыру.	Қараша	Әдіскер	
5.	Әр түрлі қауіпті жағдайларда балалардың өздерін ұстау ережелері туралы жадынама жазу.	Шілде Тамыз	Әдіскер	
6.	«Бізді кім қорғайды?» тақырыбында ата-аналар және балалармен кездесулер өткізу.	Қаңтар	Әдіскер	
7.	Әдістемелік бөлмені және топтарды дидактикалық құралдармен сәйкес әдебиеттермен толықтыру.	Оқу жыл барысында	Әдіскер	
8.	Барлық қызметкерлерді арнайы киіммен қамтамасыз сту.	Қыркүйек Мамыр	Джаксибаева К.Ж.	

## Әдістемелік-бөлме жұмысы

<b>№ п/с</b>	<b>Жұмыстын мазмұны</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Ескерту</b>
1.	Педкеңеске дайындық және үйымдастыру.	жыл барысында	Бекбаева А.Х.	
2.	Жаңа оқу жылына үйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесін, құн тәртібін және жұмыс уақытын	тамыз	-II-	
3.	Тәрбиешілер мен педагогтарға ашық оқу қызметтеріне дайындық барысында, баяндама, есеп, сценарий жазуга әдістемелік көмек көрсету.	оқу жыл барысында	Бекбаева А.Х.	
4.	Бағдарлама бөлімдері бойынша әдістемелік кеңестер және ұсыныстар дайындау.	-II-	Бекбаева А.Х.	
5.	Топтардағы педагогикалық процестің бақылау нәтижелерін тәрбиешілермен әнгімелесу.	-II-	Менгеруші Әдіскер	
6.	Тәрбиешілер мен педагогтардың шығармашылық зертханасын жабдықтау (оқу қызмет конспектілерін, сценарийлерді, жұмыс ұлгілерін, педагогикалық процесті жоспарлау ұлгісін, жаңа оқыту модельдерін жинау).	-II-	Бекбаева А.Х.	
7.	Тәрбиешілердің жұмыс тәжірибесін үйрену және толықтыру .	оқу жыл барысында	Бекбаева А.Х.	
8.	Тәрбиешілердің, педагогтардың айлық жоспарларын, ертеңгілік және мереке сценарилерін бекіту.	-II-	Джаксибаева К.Ж.	
9.	Бағдарлама бөлімдері бойынша көрnekілік құралдарды толықтыру, жаңалау және топтау (қазақ және ағылшын тілдерін үйрену, жолда журу ережесімен танысу, тіл дамыту, Қазақстанмен танысу бойынша және т.б.).	оқу жыл барысында	Бекбаева А.Х.	

10.	Педкеңес, кеңестер, іскерлік ойындар, шығармашылық есептер, семинарлар материалдарын хаттау.	-II-	Бекбаева А.Х.	
11.	Балабақша педагогтарымен кеңестер өткізу.	оку жыл барысында	Джаксибаева К.Ж.	
12.	Байқау жарыстардың шарттарын тұзу.	желтоқсан қараша	Әдіскер	
13.	Педагогтарға өз білімдерін жетілдіруді үйимдастыруға әр түрлі көмек көрсету.	әрқашан	Әдіскер	
14.	Балалардың білімдерін тексеруге бақылау кесік карталарын дайындау.	қыркүйек қаңтар мамыр	Әдіскер	
15.	Жоғары тұратын үйимдарға балабақшаның жұмысы туралы мәлімет, есеп дайындау.	талаптарға сай	Бекбаева А.Х.	
16.	Топтардағы педагогикалық процесстің үйимдастырылуын ағымды, тақырыптық және басқа да тексерулер арқылы тексеру.	жоспар бойынша	Бекбаева А.Х.	
17.	Балалардың нәтижелі шығармашылық әрекеттерін көрмеге хаттау.	жоспар бойынша	Бекбаева А.Х.	
18.	Істер номенклатурасымен жұмыс.	оку жыл барысында	Бекбаева А.Х.	

## Педагогтардың біліктілігін арттыру

<b>№ п/с</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>	<b>Ескерту</b>
1.	<p>Бөбекжай-балабақшаның тәрбиешілері мен педагогтарының білім деңгейін көтеру мақсатында әрқашан жұмыс жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бөбекжай-балабақша тәрбиешілері мен педагогтардың бір-бірінің үйымдастырылған оқу қызметтерін, күн тәртібінің кезеңдерін көрулерін үйымдастыру;</li> <li>- балалармен үйымдастырылған әртүрлі оқу қызметтеріне, сонымен қатар қорытынды оқу қызметтеріне қатысу;</li> <li>- бөбекжай-балабақшаның тәрбиешілері мен педагогтары арасында шығармашылық есептерін тәжірибелеу және тәжірибе алмасу бойынша бір-бірін тексеру.</li> </ul>	<p>жыл барысында</p> <p>жыл барысында</p> <p>жыл барысында</p>	<p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p>	
2.	<p>Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- педагог қызметкерлерді жоспарлы аттестаттаудан өткізу;</li> <li>- жоспарға сай педагогтарды біліктілік көтеру курсарына жіберу;</li> <li>- мектепке дейінгі оқу мекемелерінде өтілетін облыстық, қалалық семинарларға қатысу;</li> <li>- ағымды сұрақтар бойынша жеке кеңестер беру;</li> <li>- жылдық мақсаттарға сай топтық тақырыптық кеңестер өткізу;</li> <li>- бөбекжай-балабақша ішінде тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар өткізу;</li> <li>- педагогтарды жүктеме сағаттармен қамтамасыз ету.</li> </ul>	<p>Жоспар бойынша</p> <p>жоспар бойынша</p> <p>жыл барысында</p> <p>жыл барысында</p> <p>жыл барысында</p> <p>жыл барысында</p> <p>жыл барысында</p>	<p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Джаксибаева К.Ж.</p> <p>Джаксибаева К.Ж.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Бекбаева А.Х.</p> <p>Джаксибаева К.Ж.</p>	
3.	<p>Басылымдарға жазылуды жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы;</li> <li>- «Отбасы және балабақша» журналы;</li> <li>- «Бастауыш мектеп» журналы; «Өзін - өзі тану» журналы.</li> </ul>	қазан	Бекбаева А.Х.	

4.	Жаңа әдістемелік әдебиеттер мен басылымдарға шолу жасау.	тоқсанына 1 рет	Бекбаева А.Х.	
5.	Бөбекжай-балабақша жас мамандарымен жаңа ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын үйрену: - жалпы ережелер; - педагогикалық процесті; - пәндікдамытушы ортаны үйымдастыруға; - педагогтарға отбасылық тәрбиені үйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар.	тамыз  -II- -II-	Бекбаева А.Х.  -II- -II-	
6.	Мектепке дейінгі теориямен тәжірибелін, ғылыми педагогикалық жетістіктерін және жаңа әдістемелік бағдарламаны үйренуді үйымдастыру	жыл барысында	Бекбаева А.Х.	
7.	Тәрбиешілермен педагогтардың тақырыптық жоспарларын жаңа маңызды тақырыптармен жаңалау.	оқу жыл барысында	Тәрбиешілер	
8.	Өз білімін жетілдіру жоспарларының жүргізуін тексеру.	тоқсанына 1 рет	Бекбаева А.Х.	
9.	Әр тәрбиеші мен педагогтың оқу жылындағы жетістіктерін портфолиога жинақтау.	сәуір	Бекбаева А.Х.	
10.	Тәрбиешілер және басқа педагог мамандардың шығармашылық ізденістерін, дәстүрлі емес авторлық тиімді жолдарын тәрбиелік жұмыстарына, іскерлік ойындарға енгізу мақсатында, оны балалармен оқу қызметінде қолданып және оқудың жаңа моделіне енгізуді жалғастыру.	жыл барысында	Бекбаева А.Х.	

## Семинарлар

№ п/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптары	Ескерту
	Теориялық әрқашан жұмыс істейтін тақырып: « <b>Балалармен қалай ойнау керек</b> »			
1. - - -	Тақырып бойынша кеңестер: оыйн тақырыбын қалай таңдау; оыйн бұрыштарындағы атрибуттарды жабдықтауға талап; балалардың ойындарын қалай басқарамыз.	қазан қараша желтоқсан	Бекбаева А.Х.  Кенжалиева Р.А.	
2.	Осы аталған тақырыптар бойынша әдебиеттер оқу.	жыл барысында	тәрбиешілер	
3.	Балалардың ойын шеберліктерін бағалау мақсатында, тәрбиешілердің жұмысына талдау және өзара қатысу.	2 айда 1 рет	жас аралық топ тәрбиешілері	
4.	Оқыту әдістемелік бөлмені балалармен ойын үйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулармен, ұсыныстармен толықтыру.	жыл барысында	Бекбаева А.Х.	
5.	Топтардағы ойын атрибуттарын толықтыру және жаңарту.	жыл барысында	жас аралық топ тәрбиешілері	
6.	Балалардың ойын әрекетін үйымдастыру бойынша мектепке дейінгі жаңа әдебиеттерге және әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау.	тоқсан сайын	Бекбаева А.Х.	
7.	Мазмұнды – рөлдік ойындардың қазіргі заманға сай үлгілерінің ойын жабдықтарын пайдалануының жоспар конспектілерінің көрмесі.	ақпан	Бекбаева А.Х.	
8.	«Балалармен бірге жаңа үлгідегі ойындар» тақырыбында тәрбиешілер мен өтілетін дөңгелек үстел.	қаңтар	Бекбаева А.Х.	
9.	Топтардағы мазмұнды – рөлдік ойындар байқау-жарысы.	қараша	Джаксибаева К.Ж.	

## Семинарлар

№ п/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптары	Ескерту
	Тәжірибелік тақырып: «Салауатты өмір салтын қалыптастыру».			
1.	«Жеке басының тазалығы мен салауатты өмір салты» тақырыбында семинар.	қараша	Қаржаубай З.Т.	
2.	«Тамақтанудың мәдени дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында семинар.	ақпан	Кенжалиева Р.А.	
3.	«Салауатты өмір салтын қалыптастырамыз» тақырыбында буклеттер көрмесі.	наурыз	Бекбаева А.Х.	
4.	«Шынықсан шымыр боласын» тақырыбында семинар.	сәуір	Бөрі А.Қ.	
5.	Осы тақырыптар бойынша балалар көркем әдебиеттеріне және жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау.	--//--		

## Кеңестер

№ р/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптары	Ескерту
1.	Бебекжай-балабақша педагогтарының іс-құжаттарының жүргізілуіне талап.	қыркүйек	Джаксибаева К.Ж.	
2.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жаңа стандарты бойынша жұмыс.	қыркүйек	Бекбаева А.Х.	
3.	Күн барысында тәрбиешімен көмекші арасындағы міндеттерді қалай дұрыс бөлу.	қазан	Джаксибаева К.Ж.	
4.	«Мектеп жасына дейінгі баланың салауатты өмір салты» дегеніміз не?	қазан	Медицина қызметкері	
5.	Фридрих Фребель жүйесі бойынша ойындарды қалай ойнау керек.	қараша	Бекбаева А.Х.	
6.	Ата-анамен қатынас кодексі.	қараша	Джаксибаева К.Ж.	
7.	«Халық педагогикасы» деген не? оқыту – тәрбиелеу жұмысындағы оның орны және рөлі.	желтоқсан	Бекбаева А.Х.	
8.	Баланың құқығы туралы сөйлесейік.	желтоқсан	Джаксибаева К.Ж.	
9.	Балаға оқуды үйрету.	қантар	Бекбаева А.Х.	
10.	Балалардың ойындарын қалай басқару.	қантар	Бекбаева А.Х.	
11.	«Жолда жүру ережелерін сақтайық».	ақпан	Қаржаубай З.Т.	
12.	Балалардың дұрыс тамағы деген не?	наурыз	Медицина қызметкері	
13.	Балалардың өміріндегі қауіпті жағдайлар.	сәуір	Бекбаева А.Х.	
14.	«Әдептілік әліппесі дегеніміз не?»	мамыр	Кенжалиева Р.А.	

## Пікірсайыстар

№ p/c	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
	Мына тақырыпта пікірсайыстар өткізу:			
1.	<b>«Күкіңкілдік тәрбие мен бала құқығын қорғау».</b>	қазан	Джаксибаева К.Ж.	
2.	<b>«М.Монтессори әдістемесі».</b>	қаңтар	Бекбаева. А.Х	
3.	<b>«Жақсы және жаман» - әдептілік әліппесі</b>	мамыр	Кенжалиева Р.А.	
	<b>Пікірсайысқа дайындық жоспары:</b>			
-	талқылауға арналған мәселе таңдау;	жыл барысында	әдістемелік кеңес	
-	сұрақтар мен сценарий жазу;	--//--	--//--	
-	тәрбиешілер мен педагогтарды рөлдерді бөлуге қатыстыру;	--//--	--//--	
-	пікірсайыстың мәселесін шешуге қатысушылардың дайындығы;	--//--	--//--	
-	атрибуттарды дайындау және материалдарды хаттау (жадынамалар, кеңестер, сұрақтар).	--//--	--//--	

## Озат тәжірибе мектебінің жұмыс жоспары

№ р/с	Жұмыстың мазмұны	Өтілу мерзімі	Өтілу түрі	Өтілетін орын	Жауапты	Ес- керту
	Тәрбиеші Қаржаубай З.Т.-ның мына тақырыпта жұмыс тәжірибесін оқып үйрену:					
	«Бала дамуындағы шығармашылақтың рөлі».					
1.	Балалардың күнделікті өмірінде және үйымдастырылған оқу қызметтерінде сурет салудың әр түрлі тәсілдерін қолданылуына талдау.	қаңтар	талдау	әдісте- мелік кенес	Бекбаева А.Х.	
2.	Тәрбиешілерге бақылау қорытындысы бойынша жұмыстарын жетілдіру негізінде ұсыныстар дайындау.	қазан	әңгіме- лесу	оқыту әдісте- мелік орталық	Бекбаева А.Х.	
3.	Қаржаубай З.Т.ның іс- тәжірибесін хаттау үшін материалдар жинақтау:	жыл бары- сында	буллет	--//--	Бекбаева А.Х.	
-	Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспар- конспектілері;	ай сайын	көрме	--//--	--//--	
-	Дәстүрлі емес тәсілдермен салған суреттер үлгісі;	--//--	көрме	--//--	Сәрсенбекова Г.Қ.	
-	Әдебиет шығармаларын жинақтау: тақпактар, мақал-мәтелдер;	--//--	альбом	--//--	--//--	
-	Қазақ халқының ою- өрнектерімен танысу;	--//--	дидак. оыйн	--//--	--//--	
-	Дидактикалық материалдар және қол өнер бұйымдары;	--//--	көрме	--//--	--//--	
4.	Қаржаубай З.Т.-ның іс- тәжірибе жұмыстарын буллетке хаттау.	желтоқ сан	көрнекі көрсеті- лім	№2 педкенес	Бекбаева А.Х.	
5.	Кенжалиева Р.А..-ның балалармен ұйымдастырылған оқу қызметтерінде халық педагогикасын пайдалануын тәрбиешілердің көруі.	жыл бары- сында	бақы- лау	топ	Бекбаева А.Х.	

6.	Мереке және ертеңгіліктерде балалардың нәтижелі шығармашылық жұмыстарын қолдану.	наурыз жел-тоқсан қазан	ертең-гілік	ән күй бөлмесі	Бөрі А.Қ.	
7.	Топта өнерлі қолдар бұрышын жабдықтау.	наурыз	корнекі көрсетілім	топ	Бөрі А.Қ.	
8.	«Мен өз жұмысымда халық педагогикасын қалай қолданамын» тақырыбында шығармашылық есебін дайындау.	қазан	жазба-ша есеп	педкеңес	Кенжалиева Р.А.	
9.	Өз жас аралық тобында көрме үйымдастыру.	қараша	ашық көрсетілім	топ	Кенжалиева Р.А.	
10.	Тәрбиешілердің күнделікті өмірдегі жұмысын бақылау, балалардың шығармашылық мәдениетіне қызығушылықтарын арттыру және қатыстыру бойынша педагогикалық процеске талдау.	жыл ары-сында	пед процес-ті бақылау	әдістемелік кеңес	Бекбаева А.Х.	

## Озат тәжірибе мектебінің жұмыс жоспары

№ р/с	Жұмыстың мазмұны	Өтілу мерзімі	Өтілу түрі	Өтілет ін орын	Жауап ты	Ес- керту
	<p>Тәрбиеші Кенжалиева Р.А..-ның мына тақырыпта жұмыс тәжірибесін енгізу:</p> <p><b>«Балалардың мазмұнды-рөлдік ойындарындағы тәжірибелерінің қалыптасуы».</b></p> <p><b>Тыңдаушылар:</b> Сәрсенбекова Г.Қ. Бөрі А.Қ. Пәрімтаева У.Т. Дайхан Ж.Т. Адаханова Д.Х.</p>					
1.	Осы тақырып бойынша әдебиеттермен танысу.	қыр- күйек	анно- тация түзу	кеңес	әдіс- кер	
2.	Тәрбиешілерге осы тақырып бой- ынша Кенжалиева Р.А.-ның тәжі- рибесін ұсыну.	қазан	пікір алмас у	әдісте- мелік кеңес	-II-	
3.	Ойын жағдайларының және мазмұнды-рөлдік ойындарды үйымдастырудың ашық көрсетілімі:	қараشا	ашық көрсе- тілім	топ	-II-	
-	Мазмұнды-рөлдік ойындардың атрибуттарымен танысу;	-II-	-II-	-II-	-II-	
